

Инвестициялық салықтық преференциялардың қолданылу мерзімдерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 сәуірдегі N 327 Қаулысы

"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңы 14-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Батыс Қазақстан, Шетпе кентінің маңынан цемент зауытын салу" инвестициялық жобасы бойынша "КаспийЦемент" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілетін инвестициялық салықтық преференциялардың мынадай қолданылу мерзімдері белгіленсін:

1) корпоративтік табыс салығы бойынша - тіркелген активтерді іске қосқан сәттен бастап 8 (сегіз) күнтізбелік жыл;

2) мүлік салығы бойынша - тіркелген активтерді іске қосқан сәттен бастап 5 (бес) жыл;

3) жер салығы бойынша - тіркелген активтерді іске қосқан сәттен бастап 5 (бес) жыл.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К.Мәсімов</i>